

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

О. Қ. Рақымжан, Б. Шалабай

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

**С. ЖҮНІСОВ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ
КОГНИТИВТІК ДЕҢГЕЙІ**

Мақалада дарынды жазушы С. Жүнісовтың шығармашылығы концептосфера аспектісінде қарастырылып отыр. Концептосфера – концептілердің біртұтастығы болса, концепт – когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Осы орайда, жаңа қоғамның, жаңа мемлекеттің қалыптасуында С. Жүнісовтей дарынды қаламгердің шығармашылығындағы концептілерді жинақтай отырып, олардың берілу жолын анықтау басты мақсат етіледі.

Қазіргі тіл білімінде концептіні талдау барысында әртүрлі әдістердің қолданылуы жалтыға танылған, көпшілік мақұлдаған әмбебап модельдің жоқтығын дәлелдей түседі. Белгілі бір жеке зерттеу үшін өзекті болып табылатын бірнеше өзара бір-бірін толықтыратын әдістерді кешенді түрде қолдану автордың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін ашуға, яғни концептілер жүйесін қарастыру оның танымдық қырын тануға мүмкіндік береді. Сол себепті, С. Жүнісовтың дискурсында көрініс тапқан концептілерге талдау жасалынады.

С. Жүнісовтың қазақ ұлтының тілдік құрамындағы лексиканы қолдануы оның шығармаларындағы концептілік өрісіндегі ұлттық-мәдени концептілерден көрінеді. Жазушы шығармаларында прагматикалық мақсаттарды, яғни атап айтсақ, өзінің сол кезеңдегі және болашақ адресаттарына қазақ ұлтының салт-дәстүрі, тарихы, болмысы туралы ақпарат беріп, ұлтжандылыққа, ұлтын, туған жерін, ана тілін сүюге, өз ұлтының ұлы болуға тәрбиелеп, ұлттық мұраны сақтауға, қорғауға, молайтуға ықпал етуді көздейді.

Кілтті сөздер: тілдік тұлға, концептосфера, образ, символ тезаурус.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде кез келген жазушының немесе ақынның шығармашылық табиғатын тану «тілдік тұлға» мәселесімен тығыз байланысты. «Тілдік тұлға»

теориясын Й. Вейсгербер, В. В. Виноградов, Г. Богин қарастырса, ал тілдік тұлғаның деңгейлік үлгісін Ю. Н. Караулов жасаған.

В. В. Виноградов тілдік тұлғаны «автор образы» категориясымен байланыстырады. Басқа адамдарға ұқсамайтын өзіндік ерекше сапалық қасиеті бар бірегей адам ғана тұлға болатыны белгілі. Осы орайда, ғалым Б.Шалабай: «автор бейнесі» – көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі [1, 154], – дейді. Демек, автор бейнесі арқылы қаламгердің тілдік бейнесін жасайтын өзіндік тілдік бірліктерді көреміз.

Тілдік тұлғаны танудың негізгі деңгейі – когнитивтік (танымдық) деңгей. Бұл деңгей арқылы жазушының дүниеге деген көзқарасын, парасат-пайымын, әлем туралы түсінік-білімін тануға болады.

Көркем шығарма тіліне танымдық талдау жасау арқылы сол халықтың санасындағы әлемнің бейнесін, қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Тілдің болмысы мен табиғатын толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен бірлікте алып қарау керектігі назар аудартады. Осы талап когнитивтік лингвистикада антропоэзектік бағытты дүниеге әкеледі.

Зерттеудің нысаны: С. Жүнісов тілдік тұлғасының когнитивтік деңгейі

Зерттеудің пәні: когнитивтік лингвистика

Мақсаты: Тілдік тұлғаны танудың негізгі деңгейі – когнитивтік (танымдық) деңгей арқылы С. Жүнісовтың дүниеге деген көзқарасын, парасат-пайымын, әлем туралы түсінік-білімін тануға болады. Осы орайда, қаламгердің шығармашылығындағы концептілерді жинақтай отырып, олардың берілу жолын анықтау қажет.

Міндеттері:

- когнитивтік (танымдық) деңгейге шолу жасау;
- концептілерге талдау жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Қазіргі тіл білімінде концептіні талдау барысында әртүрлі әдістердің қолданылуы жалпыға танылған, көпшілік мақұлдаған әмбебап модельдің жоқтығын дәлелдей түседі. Белгілі бір жеке зерттеу үшін өзекті болып табылатын бірнеше өзара бір-бірін толықтыратын әдістерді кешенді түрде қолдану автордың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін ашуға, яғни концептілер жүйесін қарастыру оның танымдық қырын тануға мүмкіндік береді. Сол себепті, С. Жүнісовтың дискурсында көрініс тапқан концептілерге талдау жасауда зерттеулердегі төмендегідей пікірлерді негізге аламыз:

– жазушының туындыларында жиі кездесетін лексемаларды тауып, сол кілт сөздер белгілейтін концептуалдық кеңістікті сипаттап, содан соң сол сипатталған концептуалдық кеңістіктегі негізгі концептіні анықтау қажет;

– шығармада концептілер жүйесі кілт ұғымдар мен бейнелер жүйесі, ассоциациялар түрінде жүзеге асады. Шындық болмыста және мәдениетте концептілер жүйесі мәдени маңызға ие фактілер, объектілер мен құбылыстар жүйесімен өзара байланысты болады. Концепт жеке адамның менталдық кеңістігінің бірлігі болса, ал мағына тілдің семантикалық кеңістігінің бірлігі болып табылады. Тілдік мағына концепт мазмұнының белгілі бір бөлшегін ғана береді. Концепт тілдік құралдар мен олардың бейнеленуінің семантикасын анықтайды. Сонымен бірге концепт табиғатын анықтау мен сипаттауға тек оны репрезенттейтін тілдік құралдарды саралау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Өткен XX ғасырдың ортасында қазіргі антропоэзектік парадигмадағы базалық ілім деңгейінде когнитивтік лингвистика қалыптасты. Осы бағытта біршама зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осының нәтижесінде алғаш Еуропада XX ғасырдың соңына қарай когнитивтік ғылымның теориялық бағыттары жетіліп, терең зерттеліп, қанатын кеңге жая түседі. Осы тұста Дж. Лакофф, Т. Ван Дейк, Дж. Хэйман, Х. И. Шмидт, М. Джонсон, М. Витгенштейн, т.б. шетелдік зерттеушілер мен ресейлік ғалымдардың да когнитология саласына қатысты зерттеу еңбектері жарық көреді. Зерттеушілер танымдық ғылымдар аясында тілдің «әлемнің тілдік бейнесін» сипаттаудағы қызметіне айырықша назар аударады. Орыс тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселелері Е. С. Кубрякова [2], В. Н. Телия [3], Н. Д. Арутюнова [4], Ю. Н. Караулов [5], В. А. Маслова [6] сияқты зерттеушілердің еңбектерінен көрініс табады. Аталған зерттеу еңбектерінде когнитология ғылымының нысаны, бағыт-бағдары, зерттелуі, негізгі ұғымдары сөз етіледі. Бұл саладағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Ол сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттауға бағытталған.

Когнитивтік ғылымның маңызын В.А. Маслова былайша анықтайды: «Когнитивная лингвистика дополняет анализ языка анализом речи, различных контекстов употребление соответствующих лексем, зафиксированных в текстах суждений о концепте, его определений в разных словарях и справочниках, анализом фразеологии, пословиц, поговорок, афоризмов, в которых концепт репрезентирован» [6, 25]. Яғни, когнитивтік лингвистика тілдің танымдық сипатын тереңнен қарастыруға мүмкіндік жасайды. Тілдің когнитивтік бейнесін тілдегі кез келген тілдік бірліктердің астарынан көруге болады. Мәселен, қазақ тіліндегі мақал-мәтел, фразеологизм, қанатты сөздер қазақ халқының сан ғасырлық дүниетанымы негізінде туындаған тілдік бірліктер болып табылады.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп келеді. Р. Сыздықова, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Г. Гиздатов, Қ. Жаманбаева, Ж. Манкеева, Э. Сүлейменова, Г. Смағұлова, Б. Момынова, А. Салқынбай, А. Ислам, Ш. Елемесова, Г. Әзімжанова, К. Күркебаев,

Г. Спанасова, Ф. Қожахметова, Н. Аитова, А. Әмірбекова сияқты зерттеушілер бұл мәселені әр түрлі тұрғыдан қарастырып зерттеуде. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер соңғы он жылдықта ғана қолға алына бастады. Академик Ә. Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты ойлары, профессор Г. Смағұлованың фразеологизмдерге қатысты айтқан пікірлері қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика бағытының ілгерілеуіне негіз болды.

Профессор Ж. Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты ғылыми мақаласында когнитивтік лингвистикадағы тілдің бейнелеушілік қызметінің зор екендігін атап көрсетеді, ұстанымдарын айқындайды.

Когнитивтік лингвистика «тілдік білімнің табиғатын және оны қалай қолдану керектігін меңгеретін ғылым» [7, 85]. Олай болса, аталған пікірлер жалпы тілдің танымдық қызметін сөз етсе, жұмысымызда көркем тілдегі танымның сипаты қандай деген мәселеге назар аударылады. Себебі белгілі бір жазушы, қаламгер өз танымындағы, санасындағы білімді көркем мәтін арқылы жарыққа шығарады. Аялық білім негізінде жиналған санадағы білімнің нәтижелері белгілі бір ұлттың дүниетанымын, өмір сүру ерекшеліктерін қамтиды. Сол ұлттың әлемді қабылдауы, ұлттық болмысы тілі арқылы көрініс табады. Окез келген концептіден адамның жеке-тұлғалық сипаттарын, тәлім-тәрбиесін, білімін, рухани-мәдени ерекшеліктерін аңғаруға болады. Аталған сөздер кейіпкерлердің танымдық бейнесін беретін жиынтық образдар жүйесін құрайды. Қазіргі қазақ тіл білімінде концепт мәселесін зерттеуге қатысты еңбектер қатары көбейіп келеді.

Профессор Г. Смағұлова: «...фразеологизмдер компоненттерінің қосынды мағыналары соңынан тұратын әрі сол мағынаның толық жұмсалыуына себеп болатын бір сөз тұруы шарт» дей келіп, сол сөздерді «тірек сөз» деп атайды [8, 196]. Ғалымның бұл пікірі қазақ тіл біліміндегі «концепт» терминінің мағынасын айқындай түседі.

Концептің құрылымы өте күрделі. Осы тұрғыдан зерттеуші

В. А. Маслова концептің түрлерін былайша топтастырады:

- жеке тұлғалық концептілер;
- адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер;
- жалпыұлттық концептілер [6, 26].

Мәселен, біз талдауға алған концептілер автордың танымындағы тірек мағыналардың көрінісін сипаттайды. Ал жалпыұлттық концептілерге сол ұлттың танымын, талғамын, өмірлік тәжірибесін, парасат-пайымын, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын тіл бірліктері жатады. Сонымен қатар концептілердің негізгі қабаты жалпыұлттық сипатты қамтып, қосымша қабаты – семантикалық өріс шеңберіндегі концептілерді құрайды. Әрбір концепт күрделі жүйе ретінде көрінеді. Қазіргі тіл білімінде концепт термині

функциональдық стильдің барлық түрінде қолданылады. Яғни, оның көркем әдебиет стиліндегі, сөз өнеріндегі қолданысын тоқталамыз. Көркем өнердегі концепт ақын-жазушының, қаламгердің әлем туралы түсінігін, дүниетанымын, білімін көрсетеді. Сондықтан да көркем шығармалардағы концептілердің табиғатын ашу, зерделеу біршама ізденістерді талап етеді.

Көрнекті лингвист Р. А. Будагов тірек сөз жазушының дүниетанымдық бағытын білдіретін ерекшелігін, концептуалды тірек сөзді табуда олардың мәтін түзудегі қызметін түсінуге көмектесетін мынадай әдістемелік амалдарды атап көрсетеді:

– тірек сөзді мәтіннен табу үшін, ең алдымен, көркем туындының мазмұнын терең зерттеу қажет. Сол арқылы ең басты бейнелі идеяны ашуға болады және сөздің көркемдік құрылысын қалыптастыру арқылы жүзеге асады;

– тірек сөз, яғни тірек мағына көркем шығармада өзінің айналасына бағыныңқы сөздерді шоғырландырады да, әр тармақтан тұратын синоним және антоним қатарлы жүйені қалыптастырады;

– тірек сөз функционалды лексика-семантикалық ұғымдарды береді, олардан тұтас құрылымдық мағыналы элементтен әр бағытта семантикалық байланыс тарайды;

– сөздер контексте өздеріне қосымша мағына жамайтындықтан, өздерінің жалпы тілдік мағынасын тұтас эстетикалық мазмұнға қарай икемдейді [9, 30–34].

Бұл көрсетілген амалдар арқылы жазушының тірек мағыналар жасаудағы сөздердің бейнелілік сипатқа және символдарға ауысуының қалай жүзеге асқандығына көз жеткізуге болады.

Жазушы шығармаларындағы символ кейіпкердің танымдық дүниесінің деңгейін сипаттайды, әрі «әлемнің тілдік бейнесін» көрсетеді. Символдың қызметі кейіпкердің эстетикалық таным-түсініктерін, мінез-құлық ерекшеліктерін бейнелейді. Сөз қолданысының танымдық сипаты шығарма тақырыбы, идеясымен алмасып, соның жүгін арқалап, образдылығын арттыру негізінде толығымен ашыла түседі. Сондықтан да көркем мәтінді біртұтас күрделі құрылым ретінде қарағанда ғана, когнитивтік деңгейі айқындала түседі. Автордың танымдық қабілетін айқындай түсетін, аялық білім негізіндегі когнитивтік деңгейдегі бейнелі сөздердің бірі – символ. Символ – көркем тілдегі айтылар ойдың сырын тұспалмен ашатын, ишарамен білдіретін сөз. Сөз-символ жазушының айтпақ ойын дөп басып, шығарманың бейнелілігін арттыру үшін қажет.

Зерттеушілер көркем әдебиет стиліне тән концептілерді екі қырынан қарастырып келеді:

- танымдық концепт;
- көркем концепт.

А. Әмірбекованың пікірінше: «танымдық концепт – жалпы түсінік беру, ұғым беру қызметін атқаратын сөздер тобын құраса, көркем концепт – бейнелі сипат беру қызметін атқаратын сөздер тобы» [10, 78].

Сонымен қатар көркем мәтіндегі концептілерді айқындау барысында концептуалдық талдау үшін мынадай үлгіні ұсынады:

- мәтіндегі тірек сөздердің тізбегін қалыптастыру;
- олардың концептілік кеңістікті бейнелеу дәрежесін анықтау (бейне, символ, метафора);
- осы кеңістіктің базалық концептілерін айқындау [10, 8].

Л. Г. Бабенко бастаған зерттеушілер қатары ұсынған концептуалдық талдау әдістемесі төмендегідей түрде көрініс табады:

1) мәтіннің кілт сөздерін табу;

2) олар белгілейтін концептуалдық кеңістікті сипаттау;

3) сипатталған концептуалдық кеңістіктегі негізгі концептіні анықтау [11, 83]. Сонымен қатар, зерттеушілер «мәтіннің (немесе бір автор жазған мәтіндер жиынтығының) концептілік өрісін зерттеу концептіге тән қасиеттерді табу мақсатында кілт сөздер, яғни концептуалдық мағынаны иеленушілер қолданылатын барлық контекстерді жинақтауды қамтитындығын атап өтеді. Зерттеушілер негізге алған «мәдени мәнге ие концептілер парадигмасын табу мен оның концептілік өрісін сипаттау» [11, 80] тұжырымдамасы концептуалдық талдауды жан-жақты жүзеге асыруда аса қолайды болып табылады.

Концептілік талдаудың негізгі мақсаты – ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру. «Дүниенің тілдік бейнесінен әр ұлттың болмысы, өз әлемі, мәдени танымдық ерекшелігі айқын көрінеді» [12, 30].

Негізгі концептілердің шығармада берілу ерекшеліктері автордың шығармашылық сипатының өзіндік өзгешелігімен түсіндіріледі. Концептуалдық талдау тұлғаның өзіндік ерекшелігін табуға, оның көзқарасын тануға, мәтіннің мазмұнын терең түсінуге көмектеседі. Көркем мәтін тудырушы жазушы С.Жүнісов концептілік өрісін рухани, ұлттық құндылықтарға ие ерекше менталдық құрылым ретінде танып, «дала», «туған жер», «қуаныш», «жалғыз», «ұрпақ», «қызғаныш» сияқты концептілерді талдауға болады.

Көркем шығармадағы концептілерге талдау жасау барысында, ең алдымен, концептуалды жүйенің шартты белгісін құрайтын тіл бірліктері – тезаурусты талдау қажет. Тезаурус дегеніміз: «белгілі бір салаға қатысты бірнеше ұғымның талдануы мен қатысын көрсететін семантикалық сөздік» (Ю. Н. Караулов). Қазақ тіл білімінде зерттеуші Қ. Жаманбаева тезаурусты: «дүниенің тілдік моделі» деп атап, оның қалыптасуындағы уәждік деңгейлерді адамның ішкі жай-күйінің қажеттіліктерімен байланыстырады.

Көркем шығармадағы жазушының, қаламгердің танымына сай форма іздеуге қатысты тезаурусты «ізденіс моделі» деп те атайды [13, 6].

Көркем шығармадағы концептілердің табиғатына бару үшін тезаурус түзу арқылы С. Жүнісовтың тілдік әлеміне еруге болады. Яғни, осылайша автор мен оқырман арасында байланыс түзіледі. Көркем шығармадағы концептілер жүйесі семантикалық өріс негізінде жасалады. Семантикалық өріс аясынан концептуалды өріс түзіледі. Көркем шығармадағы концептілерді талдауда ең алғаш олардың өзегін анықтайтын сөзге, яғни өзек семаға назар аударылады. Сол өзек сема арқылы бірте-бірте концептілер тізбегі түзіліп, олардың картасы түзіледі. Орыс зерттеушілері «өзек семаны (ядроны) – лексеманың сөздік мағынасы» деп есептеген болатын.

Жазушы шығармаларындағы негізгі концептілер: дала, ұрпақ, жалғыз, қуаныш, қызғаныш, қорқыныш сияқты тірек ұғымдары арқылы көрініс табады. Бұл концептілер қаламгердің өз танымына, өзіндік көркем әлеміне сай жасалады. Ұлттық танымда жүйеленген, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер «дала», «туған жер», «ұрпақ» ұлттық мәдени концептілерге жатады.

С. Жүнісов драмаларында ерекше рөл атқарып тұрған, жиі кездеседін бірліктер шығарманың лингвокогнитивтік деңгейін көрсететін концептілер болып табылады. С. Жүнісовтың драмалық туындыларында «дала», «туған жер», «ұрпақ» концептілер жүйесі арқылы жиі қолданылатын бірліктер бар.

Қаламгердің танымдық білімдер жүйесін зерделейтін концептінің бірі – «Ұрпақ» концептісі. Аталған концептілік құрылым қаламгер тілінде ерекше маңызға ие. С. Жүнісовтың «Қылмыскер» драмасында айтылар ойдың мәні де осы. Мысалы:

Е л е у с і з. Сонда, бір қасықтай шикіөкпе үшін екеуміздің арамыздағы махаббатымыз бір сәтте суый қалғаны ма? Екеуміздің қуанышымызды бірге бөлісіп, бірге ойлап, бірге тойлар достарымыздың шырқын тас-талқан бұзғанымыз ба?

Баласыз-ақ бірге қосылып, өмір сүруге болмағаны ма? Жарастық, жарастық! Махаббаттан асқан жарастық бар ма?

Жоғарыдағы кейіпкер тілі автордың айтпақ ойын, санадағы түсінікті таныту үшін қолданылған. Ұрпақ ұғымын танытатын концептілік құрылымдар:

- «Ұрпақ» – қасықтай шикіөкпе;
- «Ұрпақ» – бала, немере-шөбере;
- «Ұрпақ» – адам рухын өлтірмейтін табиғат;
- «Ұрпақ» – мың сүрініп, мың тұрған ұлт;
- «Ұрпақ» – тіршілік сағаты.

«Төгілген қандар, шашылған жандар» драмасындағы кейіпкерлердің де ұрпақ туралы түсініктері кереғар:

Ә л и м а. Сен шынымен ұрпақты жек көремісің, қалайша бала сүйгің келмейді? Сол – мүмкін бе?

Б а қ т ы. Ұрпақ, Ұрпақ! Немене, ертең өсіп-жетіліп, бірін-бірі жағадан алып өлтіретін, қыратын ұрпақты айтамысың. Адам көбейген сайын жер тарылады. Жер тарылған соң, адамдардың ындыны да тарылып, жер үшін талас басталады (379 б.).

Сонымен, С.Жүнісовтың шығармаларындағы концептілердің танылуы мен тілдік көрінісін зерттеу барысында біз қаламгердің ұлттық, рухани танымды бейнелі түрде жеткізе білетін шеберлігін байқадық. «Дала», «Туған жер», «Ұрпақ» концептілері ұлт болмысын құраушы ұғымдар ретінде танылып, ұлттық мәдени өмірмен байланыста қолданылған.

Қорытынды

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап қалам тартқан С. Жүнісовтың шығармаларының көтерген тақырыптары, мәселелері қоғамда болған. Шығармалардың негізгі тақырыбы – адам. Қаламгер қоғамның түрлі саласындағы құбылыстарды, өзгерістер мен сол қоғамды жасаушы адамдардың іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын, басқалармен қарым-қатынастарын көрсетеді.

С. Жүнісовтың халықтық мәдениетті жетік меңгергені, ұлттық болмыс пен ұлттық ерекшелік туралы ұғым-түсініктері жоғары екені айқын аңғарылады.

Тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік беретін когнитивтік және прагматикалық деңгейлерде қарастыру С. Жүнісовті бір жағынан педагог, ғалым, журналист болып табылатын нақты тұлға мен екінші жағынан психологиялық, философиялық тұрғыдан қаруланған қаламгер, суреткер, көркемсөз шебері ретінде тілдік тұлғасы біріктірілген, ұрпақтар сабақтастығында өзіндік орны бар, келешекке айтары бар тілдік тұлға ретінде тануымызға негіз қалайды.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Шалабай, Б.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : «Арда», 2016. – 488 б.

2 **Кубрякова, Е. С.** Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика-психология-когнитивная наука // ВЯ., 1994. № 4. – С. 36-40.

3 **Телия, В. Н.** Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – С. 97.

4 **Арутюнова, Н. Д.** Язык и мир человека. – М., 1998. – С. 25.

5 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. – М., 1987. – С. 245.

6 **Маслова, В. А.** Когнитивная лингвистика. – Минск : Тетра Системс, 2004. – С. 80.

7 **Әмірбекова, Ә.** Тіл мен ойлаудың когнитивтік лингвистикадағы көрінісі // А. Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы : Арыс, 2004. – 85 б.

8 **Смағұлова, Г. Н.** Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 196 б.

9 **Будагов, Р. А.** Писатели о языке и язык писателей. Монография. – М., 2-е изд., 2001.

10 **Әмірбекова, А.** Көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу үлгілері // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: Конференция материалдары мен тезистері. – Алматы : Арыс, 2004. – 224 б.

11 **Бабенко, Л. Г., Васильев, И. Е., Казарин, Ю. В.** Лингвистический анализ художественного текста. – М. : Наука, 2003. – 496 с.

12 **Мұратова, Г. Ә.** Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол.ғыл.док. ...автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 50 б.

13 **Жаманбаева, Қ. Ә.** Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы : Ғылым, 1998. – 140 б.

References

1 **Shalabay, B.** Qazaq til biliminiń máseleleri. [Shalabay B. Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Arda Publ, 2016. – P. 488.

2 **Kýbriakova, E. S.** Nachalnye etapy stanovlenia kognitivizma: lngvistika-psihologua-kognitivnaia nauka. [Kubrjakova E. S. Early stages of the formation of cognitivism: linguistics-psychology-cognitive science]. – VJa., 1994. №. 4. – P. 36–40.

3 **Telua, V. N.** Rýsskaia frazeologua. Semanticheskii, pragmaticheskii i lingvokýltýrologicheskii aspekty. [Telija V. N. Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. – M., 1996. – P. 97.

4 **Arútyńova, N. D.** Iazyk i mir cheloveka. [Arutjunova N. D. Language and world of human]. – M., 1998. – P. 25.

5 **Karaylov, Iy. N.** Rýsskii iazyk i iazykovaia lichnost. [Karaulov. Yu. N. Russian language and linguistic personality]. – M., 1987. – P. 245.

6 **Maslova, V. A.** Kognitivnaia lngvistika. [Maslova V. A. Cognitive linguistics]. – Minsk : Tetra Systems Publ, 2004. – P. 80.

7 **Ámirbekova, Á.** Til men oılaýdyń kognitivtik lngvistikadaғы kórinisi // A. Baitursynuly jáne qazaq filologuasy máseleleri atty halyqaralyq ғылыми-теориялық konferentsua materialdary. [Amirbekova A. Manifestation of language and thinking in cognitive linguistics // Materials of the international scientific-theoretical conference «Problems of Kazakh Philology and A. Baitursynov»]. – Almaty : Arys Publ, 2004. – P. 85.

8 **Smaǵulova, G. N.** Maǵynalas frazeologizmderdiń ulttyq mádeni aspektileri.

[Smagulova G. N. National cultural aspects of meaningful phraseology]. – Almaty, 1998. – P. 196. .

9 **Býdagov, R. A.** Pisateli o iazyke i iazyk pisatelei. Monografiya. [Budagov R.A. Writers about language and the language of writers. Monograph]. – M., 2nd ed., 2001.

10 **Ámirbekova, A.** Kórkem mátinge kontseptýaldyq taldaý júrgizý úlgileri // Akademik Rábíga Syzdyq jáne qazaq til biliminiń máseleleri: Konferentsua materialdary men tezisteri. [Amirbekova A. Examples of conceptual analysis of literary texts // Academician Rabiga Syzdyk and problems of Kazakh linguistics: Conference materials and theses] – Almaty : Arys Publ, 2004. – P. 224.

11 **Babenco, L. G., Vasilev, I. E., Kazarin, Iy. V.** Lingvisticheskii analiz hýdojestvennogo teksta. [Babenco L. G., Vasiliev I. E., Kazarin Yu. V. Linguistic analysis of the artistic text]. – M. : Nauka Publ, 2003. – P. 496.

12 **Muratova, G. Á.** Abaidyń tildik tulǵasy: diskýrstyq taldaý men kontseptýaldy júsesi: filol.ǵyl.dok. ...avtoref.: 10.02.02. [Muratova G. A. Abai's linguistic personality: discursive analysis and conceptual system: Ph. D. ... author's ref.: 10.02.02]. – Almaty, 2009. – P. 50.

13 **Jamanbaeva, Q. Á.** Til qoldanysynyń kognitivtik negizderi: emotsua, simvol, tildik sana. [Zhamanbaeva K. A. Cognitive bases of language use: emotions, symbols, language consciousness]. – Almaty: Gylym Publ, 1998. – P. 140.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

O. Қ. Рақымжан, Б. Шалабай

Когнитивный уровень в языковой личности С. Жунусова

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,
Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

O. Rakymzhan, B. Shalabay

Cognitive level in the linguistic personality of S. Zhunissof

Sh. Ualikhanov, Kokshetau University,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Material received on 10.12.20.

В статье рассматривается творчество талантливого писателя С. Жунусова с точки зрения концептосферы. В то время как концептосфера – это единство концепций, концепт – одно из основных понятий когнитивной лингвистики. В этой связи, основная цель в формировании нового общества, нового государства – обобщить концепты в творчестве талантливого писателя С. Жунусова и показать пути их определения.

Использование различных методов анализа концепта в современной лингвистике свидетельствует об отсутствии общепринятой, общепризнанной универсальной модели. Комплексное использование нескольких взаимодополняющих методов, актуальных для конкретного индивидуального исследования, позволяет выявить лингвокогнитивный уровень языковой личности автора, то есть рассмотреть ее когнитивный аспект, рассматривая систему понятий. Таким образом, анализируются концепции, отраженные в дискурсе С. Жунусова.

Использование С. Жунусовым лексики в языковой структуре казахской нации находит отражение в национально-культурных концепциях его произведений. В своем творчестве писатель преследует прагматические цели информирования современников о прошлом и будущем, о традициях, истории и природе казахского народа; воспитывает патриотизм, любовь к нации, родине, родному языку; призывает читателей быть истинными сыновьями своего народа, сохранять, защищать и умножать национальное наследие.

Ключевые слова: языковая личность, концептосфера, образ, символ, тезаурус.

The article considers the work of the talented writer S. Zhunissov in terms of the conceptosphere. While the conceptosphere is the unity of concepts, the concept is one of the basic concepts of cognitive linguistics. In this regard, the main goal in the formation of a new society, a new state is to determine the way of their transmission with summarizing the concepts in the work of a talented writer like S. Zhunissov.

The use of various methods in the analysis of a concept in modern linguistics indicates the absence of a generally accepted, universal model. The complex use of several complementary methods that are relevant for a specific individual research allows us to reveal the linguocognitive level of the author's linguistic personality, that is, to consider the system of concepts, to recognize its cognitive aspect. Therefore, the concepts reflected in the discourse of S. Zhunusov are analyzed.

S. Zhunusov's use of vocabulary in the linguistic composition of the Kazakh nation is manifested in national and cultural concepts in the conceptual field of his works. The writer pursues pragmatic goals in his works, in particular, to inform addressees of his and future days about the traditions, history, realities of the Kazakh nation, to contribute to the preservation, protection, reproduction of the national heritage, to foster love for the nation, native land and language.

Keywords: linguistic personality, conceptosphere, image, symbol, thesaurus.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz